

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жанарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

13.02.2018  
сағ.10:59

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасы басшысының м.а., М.М. Исмаилова - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.


(Қатыспағандар: Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасы басшысының м.а., еңбекке уақытша жарамсыз, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, еңбекке уақытша жарамсыз, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы іссапарда, 2018 жылғы 31 қаңтардағы 2-і бұйрығы).

**Күн тәртібі:**

1. 2018 жылғы 09 ақпандағы №19-7-20/35 вн қызметтік хат негізінде 2018 жылғы 08 ақпандағы тендер жеңімпазы «Азия Гранд.kz» ЖШС қатысты тендерлік комиссия шешімінің күшін жою.

ММРК төрағасы Б.З. Иманалиевтің атына ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а. М.М. Исмаиловадан мемлекеттік резервтің 2018 жылы шығаруға жататын материалдық құндылықтар тізімінде №17, №18, №19, №20, №21 лоттарда аккумуляторлардың кесімді бағасы дұрыс көрсетілмегені туралы қызметтік жазба енгізілді. (тізбе шығыс № 17-7/1 қбпү хатымен 2018 жылғы 5 қаңтарда жолданған).

ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а. М.М. Исмаилованың қызметтік жазбасы негізінде аккумуляторлардың бағасына техникалық қателікке жол берген қызметкер ММРК төрағасының 2018 жылғы 12 ақпандағы № 7 л/с бұйрығымен тәртіптік жауаптылыққа тартылды.



Техникалық қателікті ескере отырып, № 17, № 18, № 19, № 20 және №21 лоттар бойынша тендердің нәтижесін жою қажеттілігі туындады.

1. Күн тәртібінің сұрағын қарастырып және талқылап, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШТІ:**

2018 жылғы 09 ақпандағы №19-7-20/35 вн қызметтік жазба негізінде №17, №18, №19, №20 және №21 лоттардың кесімді бағасы бөлігінде техникалық ақаулық анықталуына байланысты, 2018 жылғы 08 ақпандағы тендер жеңімпазы «Азия Гранд.kz» ЖШС қатысты тендерлік комиссия шешімінің күші жойылсын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

2. ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасымен бірге 2018 жылғы 19 ақпанға дейін қалған №4 лоттан бастап №639 лотқа дейін барлық материалдарды қайта қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хатамасы тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 13 ақпанда сағат 11.07-те аяқталды деп есептелсін.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.

**Комиссия мүшелері:**

Орынбеков Б.Ә.

Ахметов Б. Қ.

Рахаев М.Н.

Исмаилова М.М.

Бекенов А.С.

**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

